

«Күншуақ» жеке балабақшасы

№1 педагогикалық кеңес хаттамасынан суырма

Өткен күні: 28 тамыз 2024 жыл

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, педагог-психолог.

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 31 желтоқсандағы № 14 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу бойынша нұсқаулыққа сәйкес» негізінде бөбекжайда 2022-2025 оқу жылдарына өзін – өзі бағалау жүргізу.
/жауапты: меңгеруші А.Б.Султанова /
2. Өзін – өзі бағалауды өткізу үшін комиссия құру.

Тыңдалды:

1. А.Б.Султанова - меңгеруші: Білім беру ұйымы жыл сайын ұсынылатын білім беру қызметтерінің МЖМБС талаптарына сәйкестігіне 2022-2025 оқу жылдарына өзін – өзі бағалау жүргізіледі және білім беру саласындағы уәкілетті органның ведомствосына, оның аумақтық бөлімшелеріне өзін – өзі бағалау материалдарын жыл сайын сайтқа ұсынылып отыратынын айтты.

Сонымен қатар, ҚР ОАМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментінің бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдарды аттестаттаудан өту кестесімен таныстырды.

Мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес алдындағы білім беру ұйымдарына бағалау оқу нәтижелеріне бағалау қолдану арқылы мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын өткізіледі, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы болып табылады деді.

МДҰ меңгерушісі оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылатынын түсіндірді соның ішінде мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау, баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы, үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау жолдары бойынша түсінік жұмыстарын жүргізді. Ал, МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі, тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау және сақталуы туралы балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың орындалуы туралы да ақпарат берді.

2. У.М.Гумарова- әдіскер: мектепке дейінгі ұйымының әдіскері оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу талаптары білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес іске асыру жолдары, жеке оқу жоспары мен арнайы оқу бағдарламасын іске асыруға, сондай-ақ баланың жеке даму картасын толтыруға ерекше назар аудару керек екенін айта келе әдістемелік кеңес берді.

Өзін – өзі бағалау білімді, білік пен дағдыларды бақылау жұмыстарын зерделеуде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту деңгейінде педагогтар мен ата-аналарға сауалнама жүргізіледі. Бөбекжайда өзін –өзі бағалауды жүргізу үшін 5 адамнан кем емес құрамда аттестаттау комиссиясы құрылуы керек. Комиссия мүшелері 2022-2025 оқу жылдарының МЖМБС талаптарына сәйкестігіне өзін –өзі бағалау жүргізеді, саралайды, қорытынды жасайды. Өзін – өзі бағалауды Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» пайдалана отырып жүргізеді деді.

Сөз сөйлегендер : тәрбиеші Л.Жұмабекова ұйымдарын бағалау өлшемшарттары қандай?
У.М.Гумарова – әдіскер: Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына "үлгілі" - 5, "жақсы" - 4, "жақсартуды қажет етеді" - 3, "төмен" - 2 деңгейлерінің біріне сәйкес келетін өлшеуіштер және балл қолданылады деді.

2. Өзін – өзі бағалау үшін комиссия мүшелеріне төмендегідей педагогтар ұсынылды:

У.М.Гумарова «Күншуақ» жеке балабақшасы әдіскері - комиссия мүшесі

М.Ж.Маратова «Күншуақ» жеке балабақшасы тәрбиешісі - комиссия мүшесі

Р.И.Мирғалиева «Күншуақ» жеке балабақшасы педагог-психолог комиссия мүшесі

Л.А.Жұмабекова «Күншуақ» жеке балабақшасы тәрбиешісі - комиссия мүшесі

М.Ж.Куспанова «Күншуақ» жеке балабақшасы есепшісі - комиссия мүшесі

Шешімі:

1. Балабақшада 2024 жылдың «02-13» қыркүйек аралығында 2022-2025 оқу жылына өзін –өзі бағалау жүргізілсін.

2. Өзін – өзі бағалауды өткізуге бұйрық негізінде комиссия құрылсын.

Төрайымы:



А.Б.Султанова

Хатшы:

Handwritten signature

М.Ж.Маратова